



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.



УДК 37.02
ББК 74.00

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМ

Ахметбекова Асылтас Жаксылыковна
Агайсина Айтгуль Аусаровна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
Б.Момышұлы атындағы №5
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

Андапта

Жаңашыл ұстаз ғана заман талабына ілесе алады. Жақсы ұстаз ғана білім бере алады. «Мұғалім өзінің білімділігімен, жайдары мінезімен, жүріс-тұрысымен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді» – деп Мәлік Ғабдуллин ағамыз айтқанындай, әрбір мұғалім жаңашыл, білімді, білікті болса, онда алдындағы шәкірті де сондай болады. Ұлы педагог Я.А.Коменский «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі» – деп ұстаздың еңбегіне баға берген.

Өзектілігі:

Баланы мәдениетті тұлға ретінде қалыптастыру.

Танымдық іс -әрекет пен құзыреттілік.

Зиялылық пен ізгілік.

Білім берудегі сабақтастық пен үздіксіздік.

Мақала мақсаты: «Оқытудың заманауи да инновациялы нысандары мен әдістерін қолдану жолдарын арттыру, сапалы білімге қол жеткізу жолдары»

Кілт сөздер: Заманауи мұғалім, жаңа технологиялар, түрлі әдіс-тәсілдер, продуктивті жұмыс, бәсекеге қабілетті тұлға.

Аннотация

Только учитель-новатор может идти в ногу со временем. Образование может дать только хороший учитель. «Учитель по своим знаниям, добродушию, поведению и даже по внешнему виду, одежде оказывает сильное влияние на ученика», -сказал Малик Габдуллин. Великий педагог Я. А. Коменский дал оценку труду учителя:» Учитель – слуга вечного света, он-повелитель неугасшего пламени, который сеет зерно ума и проливает свет на все мысли и действия».

Актуальность:

Формирование ребенка как культурной личности.

Познавательная активность и компетентность.

Интеллект и добродетель.

Преемственность и преемственность в образовании.

Цель статьи: «Повышение возможностей использования современных и инновационных форм и методов обучения, путей достижения качественного образования»

Ключевые слова: Современный учитель, новые технологии, разные методы, продуктивный труд, конкурентоспособная личность.

Abstract

Only an innovative teacher can keep up with the times. Only a good teacher can educate. «The teacher has a strong influence on the pupil by his knowledge, kindness, behavior and even by his appearance and dress», said Malik Gabdullin. Great pedagogue J.A. Komenskiy evaluated teacher's work: «Teacher is a servant of eternal light, he is a lord of tireless flame, who sows the seed of mind and sheds light on all the thoughts and actions».

Relevance:

Formation of a child as a cultured individual.

Cognitive activity and competence.

Intellect and virtue.

Continuity and continuity in education.

Objective of the article: «Increasing the possibilities of using modern and innovative forms and methods of teaching, ways to achieve high-quality education».

Key words: Modern teacher, new technologies, different methods, productive work, competitive personality.

Әрбір елдің негізі – білім беру жүйесі. Білімді ұлт қана өзін биік белестерден көре алады. Елімізді биік шыңнан көргіміз келсе, ең алдымен білім саласын жоғары деңгейге жеткізуіміз қажет.

XXI ғасыр мұғалімі қандай болуы керек? Нағыз ұстаз жарқын жүзді, баламен ашық сөйлесетін, ата-анасымен әрдайым қарым-қатынаста болатын адам. Оқушыға ұрсып түсіндірмей, керісінше оларға жақсы көңіл күй сыйлау керек. Заманауи мұғалім деп оқушымен дос, сырлас бола білетін, оларға энергия сыйлап, мотивация беретін тұлғаларды айтамыз. Әрбір маман иесіне, мейлі ол ұшқыш, мейлі ол дәрігер болсын өмір сүруді үйрететін педагогтар ғой. Педагогтардың қоғамға тигізіп жатқан үлестері зор.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз оқушының ата-атасын білуі, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Мұғалім мен ата-ананың байланыста болуы, оқушының жақсы білім алуымен қатар, продуктивті жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады. Мұғалім өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. К.Д.Ушинский айтқандай, «Мұғалім тек өз пәнінен сабақ беріп қана қоймауы керек, сонымен қатар тәрбиеші адал, әділетті, шыншыл адам болуы керек». Мұғалім әрбір сыныпта болатын қиын жағдайдан шыға алудың жолын білуі керек. Және де ондай мәселеде оқушыға зекіп бермей, керісінше жеке сөйлесуі дұрыс. Мұғалім – қоғамның кірпішін қалаушы. Сондықтанда мұғалім көпшіліктің алдында сөйлеуге ұялмауы шарт. Өзін сенімді ұстағаны абзал! Ұстаздық жол ауыр жол, әрі жауапкершілігі өте үлкен. Әрбір істі ықыласпен істесен оның нәтижесі керемет болады. Дәл солай сабақты да ықыласпен түсіндірсен сабақ қызықты, әрі нәтижелі өтеді.

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Бұрынғы оқушы тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға. Құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін реттеп отырады. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі тәжірибесі және кәсіби мән-мәтінмен өзара байланыста қарастырылады.

Аз ғана уақыт ішінде, көзіміз жеткен дүниелер мен қағидалар мынандай... Халық даналығын ескере жүріп, ұрпағымыздың болашағы жарқын болу үшін шәкірттерімізді шаршамай баптап өсіру, ой санасын дамыту, білім нәрін егіп, әр баланың отбасымен біріге отырып тәрбие негізін бойларына егу керек екенін түсіндік. Бала кезімізде аяулы ұстаздарыма қарап ұстаз болуды армандаушы едік.

Іс-тәжірибемізді алғаш бастаған кезде жасыратын жоқ, қиындықтарға тап болдық. Мектептегі психологиялық ахуалдардан шығу үшін бізге үлкен көмек болған М. Жұмабаевтың «Педагогика» кітабы десек те болады. Сонымен қатар тәлімгер ұстаздарымыздың да еңбегі бар деп ойлаймыз.

Қазір біз орыс мектептерінде қазақ тілі пәнінен сабақ береміз. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгерту біздің мемлекетімізде ең бір өзекті мәселе. Осы өзге ұлт өкілдеріне біліктілікті арттыру курсына үйренген түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Өзге ұлттың балаларына курста үйренген әдістерді қалай сабақта жүргіземіз? Оқушылар оны қалай қабылдайды? деген ойлар мазалаған болатын. Жинақтаған тәжірибемізді сабақ барысында курста үйренген әдіс-тәсілдерден бастадық. Үйренген әдіс-тәсілдермен сабақты қызықты өткізуге тырыстық, оқушылар қызыға қабылдады. Сабақ барысында өз жұмысымызды басқа тұрғыдан қарап, сабақтарымызды барынша қызықты, нәтижелі етіп түрлендірудің жолдарын іздестіре бастадық. Өзімізден гөрі оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруды көздедік. Оқушы санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейлерін дамытуда осы әдіс-тәсілдердің маңызы ерекше екендігіне көзіміз жетті. Қызықты әдістерді қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Сонымен қатар, оқушылардың ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында жалпы топ ережесін жасауды өзіндік жұмыс ретінде бердік. Топпен бірлесе жұмыс жасаудың оқушылар арасында пайдасы зор екендігін көрдік. Оқушылар әр түрлі топта жұмыс істеуге бейімделді. Берілген тапсырманы оқушылар топ ішінде талқылап, оны ортада бір оқушы кезекпен қорғап немесе берілген тапсырма аясында өз ойларын жеткізіп отырды. Осындай сәттерде оқушылар бойынан белсенділікті, бір-бірін тыңдай білу, пікірін сыйлай білу, өз көзқарасын білдіру және бағалай алу қабілеттері қалыптаса бастағанын байқадық. Сабақ жоспарын құрар кезде: «Сабақтан күтілетін оқу нәтижесі қандай? Оқушыдан күтілетін нәтиже қандай? Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру үшін

қандай әдіс -тәсілдерді пайдалану керек? Оқушылар өздерін бағалай ала ма?» деген аспектілерге назар аударамыз.

Сабақты ұйымдастыру, жаңа материалды меңгерту, бекіту, бағалау, қорытынды рефлексия диалог арқылы жүзеге асады. Диалогтық оқыту тәсілі мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс орнауына ықпалы зор екенін байқадық. Сонымен қатар, әр сабағымызда бағалау үрдісін қолдандық. Оқушыларға критериялды бағалау мен топ ішінде спикердің бағалауы өте ұнады. Критериялды бағалау мұғалім үшін тиімді. Оқушылардың жауаптары балдық жүйе бойынша бағаланды. Оқушылардың бір-бірін және өзін бағалауы, бағалау критерийлерінің нақтылануы арқылы жүзеге асырылды. Дегенмен, оқушылардың өзін-өзі бағалау, бір-бірін бағалау кезінде объективтілік болмағанын байқадық.

«Соңғы сөзді мен айтайын» стратегиясын қолдану мақсатында түрлі-түсті қағаздарға өз ойларын жазу арқылы нені білемін, нені үйрендім, нені білгілері келетінін, сабақ барысында қандай қиындық болғанын анықтадық. Оқушылардың бұл рефлексия парақтары сабақтың қай деңгейде өткенін, келесі сабақпен қалай ұштастыруға болатынын байқау үшін өте тиімді екенін түсіндік. Бұл рефлексия парақтары сынып пен мұғалімнің қарым- қатынас жасауына жақсы мүмкіндік береді, әрі оқушылар өз ойларын, түйген қорытындыларын еркін жаза алады.

Қазіргі мұғалім тұлғасының заманға сай өзгеруін талап етеді. Елбасымыздың қолдауымен жүргізіліп жатқан білім бастамасының жетер жетістігі алда деп сенемін. Сапалы білім, саналы тәрбие беруде мұғалімнің еңбегі зор. Сабақтың сапалы болуы-оның ғылыми тұрғыдан, теориялық жағынан жоғары дәрежеде дәлелденуі – ұстаздың шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді қолдана білуінде деп санаймыз. Ұстаз бола білу, өзге үйрету, білім беру бұл үлкен жауапты іс. Біз болашаққа сеніммен қарайтын, шығармашылыққа белсенді, дені сау, рухани өмірі бай, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастырып шығаруға тиіспіз.

Әр ұстаз, қоғам және заман талабына сай педагогикалық шеберлігін шындап, үнемі ізденіс үстінде болуы тиіс. Мұғалім ретінде өзім де үнемі ізденіс үстінде боламын және педогогикалық жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оқушыларымды білім нәріне жеткізе бермекпін. Ұлы Абай «Адамның адамшылығы жақсы ата-анадан, жақсы ұстаздан, жақсы құрбыдан болады» деп айтып кеткені белгілі. Осындай қасиет пен құрметке лайық ұстаз болған жөн.

Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамдандырылған адам дайындау емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығару. Осы айтылған құндылықтарды бойына сіңіре білген педагог өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқара алады және кәсіби дамуын одан әрі жобалай біледі. Сонымен қатар, өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай біледі. Ең бастысы, адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну, рухани дүниесі бай толеранттық идеяларға бейім болады. Осы орайда елбасмыз Н.Ә. Назарбаевтың «Өз Отанын шексіз сүйетін білімді, іскер еліміздің ертеңгі күнін күллі әлемге көрсететін келешек ізбасарларымызды қалай тәрбиелейміз? Оларға сапалы білімді қалай береміз? Міне, ұстаздар осы бағытта алда тұрған ауқымды міндеттерді, көкейкесті мәселелерді шешуге міндетті. Біз күдіктенбейтін жаңа білім мен технологияның пайда болуы, даму жүйесінің басты бағыттарының айқындалуы ХХІ ғасыр – білім ғасыры деген анықтаманы нақтылай түседі»-дегені еске түседі. Педагог жаңашыл болғанда ғана бала ізденімпаз, шығармашыл болмақ. Педагогтың шығармашылдығы, оқу-тәрбие қызметіндегі табыстары оның оқу қызметін шебер, қызықты ұйымдастыра алуында. Оның өзі өнер, әрі ғылым. Бұл жағынан алғанда педагог өмірді, адам жанын терең түсіне білуді талап ететін суретші, жазушы, ақын, әртіс болғаны абзал. Сонымен бірге педагог ғалым болғаны да дұрыс. Өйткені, теориялық білім мен жоғары дамыған тәжірибенің синтезі болып табылатын ұстаз шеберлігі шығармашылық арқылы бекіп, сол арқылы көрініс табады. Кәсіби шеберлікке ие болу үшін әр педагог оқу қызметіне жүйелі дайындалып, өз әріптестерінің озық тәжірибесін үйреніп, ең тиімді нәтижелі жақтарын бойына сіңіре алуы және түрлі әдіс-тәсілдермен жұмыс жүргізе білуі керек.

Біз он жылдан астам өз іс-тәжірибемізде көріп-біліп көкейімізге тоқыған нәрсе ол – оқушының жүрегіне жол таба білу. Оқушы жүргінен жол тапқан ұстаздың беделі де арта түсетіні бәрімізге аян. Сол себепті әрбір сабақ мұғалім үшін жоғары дайындықты қажет етеді. Сабағымызды қызықты өткізу үшін әр – түрлі жаңартылған білім мазмұнындағы әдіс – тәсілдерді қолданып, жаңаша сабақ үлгілерін дайындап отырамыз.

Біріншіден, біздің ойымызша, мұғалім жан-жақты жаңашыл, қызықтыра алатын қабілетті болуы керек. Өйткені оқушының айналасы қызылды, жасыл дүние: теледидар, компьютер, автомат ойындар. Осылармен жарыса жаңарып отыру керек, олардың көлеңкесінде қалып қойып, пәніңізде, өзіңізде оқушы өмірінде екінші, үшінші орынға шығып қалсаңыз жағдайды түзету оңайға соқпайды. Жаңашыл болудан қорықпаңыз, оқушылармен бірге олардың өміріне еніп кетіңіз: олар көретін фильмдерін, тыңдайтын музыкаларын, ойнайтын ойындарын, табынатын әнші, әртістерінен түгелдей хабардар болуға тырысыңыз. Оқушымен өз тілінде сөйлесіңіз. Сонда ғана оқушы көңілі сізге ауады. Ал оқушы

көңілі сізде болғаннан кейін пәніңізге де қызығушылығы артады. Қызығу бар жерде ынта, ықылас болады. Ынта бар жерде сапа бар. Ал, керсінше, оқушыға есінен тандыра ұрсып, бала санасына сіңген дүниені сыпырып тастаймын дуден сізде шаршайсыз, бала да шаршайды. Қайта оқушы өзіңізден алшақтап, тәрбие бұлағын мүлдем басқа ортадан табуы мүмкін.

Екіншіден, ешқашан баланы қинап оқыта алмаймыз. «Қайтсеңде осы өлеңді немесе ережені жаттап ал, әйтпесе күлуші болма» деген сияқты сөздерден оқушының пәнге деген жиіркеніші оңай туады. Өз санасының жетегімен істелмеген дүние оның көкейіне мүлдем қонбайды. Түсінбеген дүниені түйсіну мүмкін емес. Мұндайды болдырмау үшін тағы да оқушымен «өзінің тілінде» сөйлесіңіз. Қызықтырыңыз, түсіндіріңіз бірақ қинамаңыз.

Үшіншіден, оқушыдан талап еткенді өзіміз де орындайтын болуымыз керек. Оқушы әуелі бізді үлгі етеді. Қызығуын тудырған мұғалім не жасаса, оқушы соны жасауға әрекет қылады. Түсіндіру барысында қазақ тілінің бар мүмкіндігін қолданып, барынша шұрайлы, барынша сусынын қандыра сөйлейтін болсақ. Оқушыны ақпараттың астында қалдыра бермей, жәй ғана негіз салушы болыңыз. Өйткені алдыңыздағы оқушының барлығын бірдей әдебиетші немесе тілші ете алмайсыз. Міне, осы үш нәрсені ескерсек, сапалы білім, саналы тәрбие беретін кәсіби маман бола алмақпыз.

Жалпы қай заман болса да, ұстаз жүгі қашан да ауыр. Ал бүгінгі күннің өзгерістері ұстаз алдындағы жауапкершілікті тіпті арттырып жіберді. Оқушыларға тек функционалдық білім беріп қана қоймай, өз білімін өміріндегі қажетіне жарата білетін, қолдана алатын, мәселені дер кезінде шешетін, жылдам ойлай білетін, тез шешім қабылдай алатын шәкірттер тәрбиелеу. Олай болса, ұстаздық жолда биік мақсат қоя отырып, Абай атамыздың мына сөзін өмірлік ұстанымыз деп алдық «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен білімің екі жақтап» дегендей. Қанша жыл еңбек етсең де, «болдым, толдым мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайды. Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Қорытындылай келе айтарымыз заманауи, білім тенденциясы алға қадам басу үшін, мұғалім – кәсіби шеберлігі артқан, барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты – рухани бай, ізденімпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыруы болып табылады. Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керсінше ізденуші. Зерттеуші, технолог, өнер тапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін – өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау – бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Өз елінің тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін бойына сіңіргенде ғана нағыз азамат тұлғасы қалыптаспақ.

Сондықтан тәрбиеші тәлімгер ретінде оқушыларымыздың жан-жақты білім алуы мен мәдени дамуына, балауса өнерлерін шыңдауға көп көңіл бөлуіміз керек деген ойдамыз. Сөз соңында айтарымыз, оқушы жанын, ойын, өнерге деген құштарлығын байқап, баланың бал қылығын музыкамен, сахналық өнермен, спортпен байланыстырса, тұлға үлкен жетістіктерге жетпек. Оқушысы жетістікке жетсе ұстаз үшін одан асқан бақыт болмас деп ойлаймын. Білімді, өнерлі, мәдениеті жоғары ұрпақтарымыз елімізде көбейе бергей....

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. (I деңгей)
2. «Мектептегі іс-әрекетті зерттеу» әдістемелік құрал Алматы-2013жыл
3. Қазақстан мектебі//№8,2008.
4. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар//№12,2007.
5. Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл//№2,5,2011.